

Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 3-1-227п қаулысы. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 наурызда тіркелді. Тіркеу N 182. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 26 маусымдағы N 23-541қ қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007.06.26 N 23-541қ қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 246-ІІ " Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы ", " Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы " 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 "Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулыларымен сәйкес , Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту: Қаулының кіріспесіне өзгертулер енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

1. Учаскелік комиссиялар туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.
2. Аудан әкімдері аудандық учаскелік комиссиялар құрамын құрсын және б е к і т с і н .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

3. Қалалық құрылымдар (салық комитеті, Әділет департаменті, көші-қон полициясы басқармасы, "Астана қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормалары шегінде тексеру өткізу үшін қажет мәліметтерді беруге учаскелік комиссияларға жәрдем берсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласының әкімдігінің 2005 жылғы 17 тамыздағы N 23-7-612 қаулысымен.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - Астана қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 3-1-1048 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Н.З.Нығматулинге жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

КЕЛІСІЛДІ

Алматы ауданының әкімі

Сарыарқа ауданының әкімі

А с т а н а қ а л а с ы

салық комитетінің төрағасы

*Астана қаласы Ішкі істер басқармасы
көші-қон басқармасының бастығы*

*"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Тіркеу қызметі комитетінің Астана қаласы
бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі
орталығы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорынының директоры*

*А с т а н а қ а л а с ы қ а р ж ы
департаментінің бастығы*

*Астана қаласы еңбек, жұмыспен
қамту және халықты әлеуметтік
қорғау департаментінің бастығы*

КЕЛІСІЛДІ

*Астана қаласы
Мәслихатының хатшысы*

*Астана қаласы әкімиятының
2002 жылғы 18 ақпандағы
N 3-1-227п қаулысымен*

БЕКІТІЛДІ

Учаскелік комиссиялар туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 246-II "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы, " Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы " 2005 жылғы 28 маусымдағы заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 " Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру бойынша кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулыларымен және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 28 шілдедегі N 186-б "Учаскелік комиссиялар қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы ұсыныстар" бұйрығына сәйкес

ә з і р л е н д і .

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Участкелік комиссиялар Астана қаласы аудандары әкімдерінің шешімдерімен тиісті аумақтарда арыз иесіне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - атаулы әлеуметтік көмек) және/немесе 18 жасқа дейінгі балаларға (бұдан әрі - балаларға жәрдемақы) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны берудің қажеттігі туралы қорытынды дайындау үшін және материалдық жағдайына тексеру жүргізу қажет болғанда қ ұ р ы л а д ы .

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

2. Участкелік комиссияларға аудан әкімдерінің орынбасарлары басшылық етеді және мүшелерінің жалпы саны 7 адамнан кем болмауы қажет.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

3. Участкелік комиссиялар жергілікті өкілетті органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерінің, ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құрылуы мүмкін.

4. Участкелік комиссиялар отырысы он күнде бір реттен кем өткізілмеуі тиіс. Участкелік комиссияның бірінші отырысы "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі өкілінің қ а т ы с у ы м е н ө т к і з і л е д і .

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

5. Участкелік комиссияның отырысы құрамның 3/4 бөлігі қатысқан жағдайда қ ұ қ ы қ т ы б о л ы п с а н а л а д ы .

6. Участкелік комиссиялар өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі атқаратын қызметтері

7. Участкелік комиссиялар "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) аса қажет ететін отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек

көрсетуге, балаларға жәрдемақыны тағайындауға және төлеуге жәрдемдеседі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - Астана қаласының әкімдігінің 2005 жылғы 17 тамыздағы N 23-7-612 қаулысымен, 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен.

8. Участкелік комиссиялар арыз иесінің ұсынған құжаттарын Уәкілетті орган жіберген күннен бастап бес күн ішінде атаулы әлеуметтік көмек және/немесе балаларға жәрдемақы беру туралы қорытынды әзірлейді (1-қосымша).

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен.

9. Қажет болғанда участкелік комиссиялар Уәкілетті орган тапсырма берген күннен бастап бескүндік мерзімде адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, акт жасайды, қорытынды әзірлейді, қол қояды және Уәкілетті органға ұсынады (2-қосымша).

10. Оның тұратын орнына шығу арқылы нақты материалдық жағдайына тексеру жүргізуге өтініш беруші қарсы болған жағдайда участкелік комиссия акт жасайды және бұл туралы атаулы әлеуметтік көмек және/немесе балаларға жәрдемақы тағайындау және бас тарту туралы шешім қабылдайтын Уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен.

3. Комиссияның негізгі құқықтары мен міндеттері

1 1 . < * >

Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - Астана қаласының әкімдігінің 2005 жылғы 17 тамыздағы N 23-7-612 қаулысымен.

12. Участкелік комиссиялар Уәкілетті органның тапсырмасы бойынша өтініш берушілердің берген құжаттарын іріктеп қайта тексеруі мүмкін.

13. Участкелік комиссиялар тексеру жүргізу үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратуға құқығы бар.

14. Участкелік комиссия мүшелері Уәкілетті органға табыс етілген актіде баяндалған мәліметтердің шындығы мен нақтылығына жауап береді.

4. Тексеру жүргізу тәртібі

15. Атаулы әлеуметтік көмек және/немесе балаларға жәрдемақы алуға өтініш беруші мен оның отбасының нақты материалдық жағдайын тексеру оның өзінің қатысуымен және осы Ережемен белгіленген мерзімдерде екіден кем емес Участкелік комиссия мүшелерімен жүргізіледі.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Астана қаласы әкімдігінің

2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

16. Адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру Уәкілетті органның тапсырмасы бойынша атаулы әлеуметтік көмек және/немесе балаларға жәрдемақы тағайындауға бірінші рет өтініш жасағанда жүргізіледі, қайтадан өтініш жасағанда тек қажет болғанда ғана (отбасы құрамы мен табыстарында өзгеріс болған жағдайда, қосымша есепке алынбаған табыстары туралы мәліметтер бар болғанда) жүргізіледі, бірақ жылына бір реттен жиі емес.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

17. Тексеру барысында учаскелік комиссиялар өтініш берушінің көмек сұрауымен байланысты мән-жайларды анықтайды. Мұнда назар мыналарға аударылады :

отбасы құрамы мен саны;
отбасының жұмыс істейтін мүшелерінің саны;
отбасының еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін мүшелерінің саны, олардың жұмыспен қамтылмау себебі;
отбасында балаларды, мүгедектерді, қарттарды, ауру адамдарды бағып-күтумен айналысатын еңбекке қабілетті адамдардың бар-жоғы;
отбасында кәмелеттік жасқа толмаған балалар мен бағып-күтуді қажет ететін (мүгедек, қарт, ауру) адамдардың бар-жоғы;
жер үлесі мен жеке қосалқы шаруашылығының (үй малдары, құстар, үй іргесіндегі телім, бақша) бар-жоғы және олардан алатын нақты табыс мөлшері;
баспана бірлігі санының бар-жоғы (пәтерлер, үйлер);
пайдалануға жарайтын автокөлігінің бар-жоғы немесе болмауы.

18. Заңсыз төлемге тартылған акті деректерінің күмәнділігі немесе қандай-да бір жөнсіздік анықталған жағдайда залалды өтеу қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен кінәлі адамнан (арыз иесінен) өндіріліп алынады.

19. Өтініш беруші мен оның отбасының материалдық жағдайын тексеру азаматтардың жеке өмірін сыйлауды сақтай отырып, әрі олардың қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерді жоятындай ахуалда учаскелік комиссия арқылы жүргізілуі тиіс. Комиссия мүшелерінің азаматтардың жеке өмірі туралы мәліметтерді жариялауға құқы жоқ.

Астана қаласы еңбек, жұмыспен
қамту және халықты әлеуметтік
қорғау департаментінің бастығы

Учаскелік комиссиялар
туралы Ережеге 1-қосымша

Ескерту: қосымшаға өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 23-10-1096қ қаулысымен .

Астана қаласы _____ ауданы

УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

200__ жылғы "___" _____ N _____

Учаскелік комиссия өтініш берушінің берген құжаттарын қарастыра келе,
отбасы _____ адамнан тұратын

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(атаулы әлеуметтік көмекті және/немесе балаларға жәрдемақы
қажет етеді немесе қажет етпейді)
туралы шешім шығарады.

Т ө р а ғ а :

Комиссия мүшелері: 1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

У ч а с к е л і к _____ к о м и с с и я л а р
туралы Ережеге 2-қосымша

Астана қаласы _____
(аудан)

Отбасының материалдық жағдайын тексеру

АКТІ

"___" _____ 200__ жыл
1. Өтініш беруші туралы деректер:

Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты _____ Туған жылы _____

Тұрып жатқан мекен-жайы _____

Соңғы жұмыс орны, қызметі _____

Отбасылық жағдайы: _____

2. Отбасы құрамы (өтініш берушімен бірге тұратын отбасы мүшелері)

N Отбасы Туған Туыстық Жұмыс, Әлеуметтік топ: Айына алатын

п/п	мүшеле.	жылы	дәрежесі	қызмет,	жұмыс істеуші,	табыстар
	рінің			оқу орны	жұмыс істемеуші,	түрі мен
	аты-жөні			(оқу	зейнеткер,	сомасы
				нысаны)	мүгедек, оқушы,	(теңге)-
					студент, мектеп	
					жасына дейінгі	
					б а л а	

1 .

2 .

3 .

4 .

5 .

6 .

7 .

8 .

9 .

1 0 .

1 1 .

1 2 .

1 3 .

3. Қозғалмайтын мүлік (мемлекеттік, жекешелендірілген, коммуналдық пәтер, жеке үй), тұрғын алаңды алып тұрған бөлмелердің саны.

4. Үй іргесіндегі телімінің, қосалқы шаруашылығының бар-жоғы (жер участігінің көлемін, оны пайдалану мүмкіндігі мен нақты пайдалануды, үй малдары мен құстар санын, олардан алынатын нақты табыс мөлшерін көрсете отырып)

5. Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметке кететін шығындар

6. Отбасының материалдық жағдайына әсер ететін ерекше факторлар

7. Ескерту

8. Тексеру нәтижелері туралы учаскелік комиссияның қорытындысы

К о м и с с и я т ө р а ғ а с ы :

Мүшелері:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Тексеру актімен таныстым: _____

(Өтініш берушінің аты-жөні және қолы)